

"БОЛАШАҚ" УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП!

Қызылорда "Болашақ" университетінің 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша атап өтуге болады:

Университет мақсаты

- ✓ білім, ғылым, өндіріс интеграциясы қалыптасқан еліміздің әлеуметтік-экономикалық және интеллектуалды капиталын дамытуға белсенді үлес қосатын бірыңғай ғылыми - білім беру кешені ретіндегі инновациялық университет болу;
- ✓ республика мен аймақтағы жоғары білікті мамандарға сұранысты қанағаттандыру;
- ✓ білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды ауқымды ендіру, ғылыми зерттеу және оқу үдерісін біріктіруді күшейту жолдары арқылы мамандарды даярлау сапасын арттыру;
- ✓ халықаралық білім кеңістігіне ену.

Университет миссиясы

ғылым, білім және инновация интеграциясында жоғары білікті мамандар даярлауды қамтамасыз ететін заманауи ғылыми және білім беру ортасын қалыптастыру.

Университетте мамандар даярлауда 50 бакалавриат және 6 магистратура бойынша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.)

Университеттің бүгінгі таңдағы білім алушылар контингенті - 4963, оның ішінде грант негізінде оқытындар саны - 139 адам. Оның ішінде университеттің интернационализация бағыты бойынша 23 шетел азаматтары да білім алуда.)



Жылдың негізгі жетістігі - Аккредиттеу және рейтинг Тәуелсіз агенттігі (АРТА) 2021 жылы] өткізген ЖОО-ның Ұлттық рейтингісі қорытындысында Университет ҚР ЖОО Бас рейтингісінің ТОП-20 еніп отыр. Бұл еліміздегі оқу орындары арасында топ жарып, ТОП-20-ға енуі аймағымыздың да мақтанышы деп айтуға болады. Үздіктерді анықтау барысында адами ресурстарды дамыту деңгейі, жоғары білім берудегі шет мемлекеттермен байланыс, ғылыми-зерттеулерді дамыту деңгейі, еңбек нарығындағы түлектерге деген сұраныс пен олардың жұмысқа орналасу көрсеткіші сияқты индикаторлар басты назарға алынған.

Қазіргі таңда университетте 203 оқытушы-профессорлар қызмет етеді. Оқытушы профессорлардың әлеуеті біліктілік талаптары сәйкес келеді. Сонымен қатар, биылғы оқу жылындағы ерекшеліктердің бірі - шетелдік ғалымдарды оқу үдерісіне тарту. Атап айтқанда, Ресей Федерациясы,

Өзбекстан Республикасы, Швеция елінен профессорлар білім алушыларға дәріс оқып келеді.]



Болашақ университеті

**Білім беру ұйымының ұйымдастырылу
құқықтық нысаны:**
жауапкершілігі шектеулі серіктестік.
Меншік нысаны: жеке меншік.

Мемлекеттік лицензия
№ KZ41LAA00011297
14.03.2018 ҚР БҒМ



“Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті” мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение “Комитет по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан”

Дата: 14.07.2019

Кому: Товарищество с ограниченной ответственностью “Казахстанский Университет “Болашақ”

Учредитель(ы):

Учредителем Бас, что присвоение № 004 и лицензия № 18005338 на осуществление образовательной деятельности

Образовательная деятельность

ПЕРЕОФОРМИТ

Причины переформирования:

Изменение наименования вида деятельности и (или) подвида деятельности, если такое изменение не повлекло изменения существа выполняемых операций в рамках вида деятельности и (или) подвида деятельности

Полномочия:

Ф.И.О. руководителя: Есенкулов Талғат Улысбеков

Исполнитель: Сұлтанғалиев Марат Нұрбеков

Тел: 74-24-30

№	Шифр	Наименование наименования образовательных видов	Срок обучения
1	48012	Журналистика и информика	4 года
2	48015	Подготовка учителей по естественнонаучным предметам	4 года
3	48041	Информационно-коммуникационные технологии	4 года
4	48041	Бизнес и управление	4 года
5	48021	Искусство	5 лет
6	48012	Подготовка дошкольного воспитания и обучения	4 года
7	48017	Подготовка учителей по языкам и литературе	4 года
8	48016	Подготовка учителей по гуманитарным предметам	4 года
9	48014	Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития	4 года
10	48072	Промышленность и обрабатывающая отрасль	4 года
11	48013	Транспортные услуги	4 года
12	48013	Подготовка учителей без предметной специализации	4 года
13	48011	Подготовка в экономике	4 года
14	48023	Языки и литература	4 года
15	48075	Стандартизация, сертификация и метрология (по отраслям)	4 года
16	48073	Архитектура и строительство	4 года
17	48042	Право	4 года
18	48071	Искусства и инженерное дело	4 года
19	48052	Образование в целом	4 года
20	75406	Подготовка педагогов по гуманитарным предметам	1-1,5 и 2 года
21	75407	Подготовка педагогов по языкам и литературе	1-1,5 и 2 года
22	75403	Подготовка педагогов без предметной специализации	1-1,5 и 2 года
23	75402	Образование в целом	1-1,5 и 2 года
24	75401	Бизнес и управление	1-1,5 и 2 года

Данный документ является частью 1 статьи 7 (3) от 7 января 2003 года “Об электронном документе и электронной цифровой подписи” действующей на территории Республики Казахстан.

2020-2021 оқу жылында 7 бағыт бойынша университеттің 150] білім алушысына жеңілдіктер тағайындалды. Атап айтқанда, көп балалы отбасылардан шыққан, Бір отбасынан екі студент оқыған жағдайда, Ата-анасы жоқ күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне, «Болашақ» университетінің колледждерін бітіріп, университетте оқуын жалғастырушылар, белсенді және түрлі жетістіктері бар студенттерге жеңілдік берілді.

Биылғы] оқу жылында Электрондық коммерция, Құрылыстағы ІТ, Логопедия, Медиа-журналистика, Халықаралық қаржы және несие байланыстар, Экономикалық психология сынды инновациялық білім беру бағдарламалары да реестрге енгізіліп, алғашқы қабылдау 2021 жылы басталғалы отыр.

«Болашақ» университеті Қазақстанның ұлттық ашық университеті құрамына кіреді. Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалануда білім алушылардың идентификациясын және академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында прокторинг жүйесін (Examus) пайдаланады. «Болашақ» университеті жазбаша жұмыстардың, диплом және диссертация жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында антиплагиат жүйесін (Strikeplagiarism) қолданады.



Білім беру бағдарламалары мен аккредитация туралы ақпарат



- Бакалавриат – 47 БББ (19 бағыт бойынша)
- Магистратура – 6 БББ (6 бағыт бойынша)
- ✓ Мамандандырылған аккредиттеуден өткендер саны – 25 БББ



Институционалды аккредитация (НКАОКО) - 02.05.2018 – 28.04.2023




НУ "Независимый Казахстанский центр аккредитации"

Университетте дуалды оқыту, түлектердің жұмыспен қамтуын, практикаға бағытталған және жұмыс берушілердің негізгі ұсыныстарын ескере отырып оқу үдерісін ұйымдастыру мақсатында түрлі мекемелермен кафедралар филиалдары, меморандумдарға қол қойылып, күнделікті пайдаланылуда. Атап айтқанда, Жусан Банкпен әріптестік қатынас арқасында бітіруші курс студенттерін іс-тәжірибеден өту арқылы жұмысқа қабылданды. Облыстық прокуратура, полиция департаменті және “Болашақ” университетінің арасында өзара қызмет және ынтымақтастық туралы үшжақты



**BOLASHAK
UNIVERSITY**



**Арал-Сырдария
бассейнінің
экологиясы және
биоресурстары
ғылыми-зерттеу
институты**

Агробиотехнологиялық ғылыми-зерттеу лабораториясы

BU
BOLANSHAK
UNIVERSITY

[illegible][illegible]

3.2. Бәрінен өтініш негізінде Институт директоры талдау жүргізіп, қараршай қолдау көрсету үшін университет ректорына ұсынып береді.

Ғылыми-зерттеу жобаларының нәтижелері



Университетте "Болашақ" ғылыми зерттеу институты 5 жылға аккредиттеуден өтті. 2020 жылдан бастап «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институтының құрамында кафедралар жанынан құралған 1 лаборатория және 4 ғылыми орталық бар.



Қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс



Сонымен қатар, биылғы оқу жылында 14 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Сонымен қатар, 2 білім беру бағдарламалары халықаралық аккредиттеуден өтті. Биылғы оқу жылында аймағымыздың өзекті мәселелерінің бірі Арал болса, соны зерттеп, түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында университетте "Арал-Сырдария бассейнінің экологиясы мен биоресурстары ғылыми зерттеу институты" ашылды. Қазіргі таңда аталмыш институт Арал қаласында өз жұмысын жүргізуде. Швециядағы Лунд университетінен PhD доктор, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының техникалық кеңесшісі Осама Ахмет Махер студенттер мен магистранттарға арналған дәріс сабақтарын,

оның ішінде төтенше жағдайдан кейін алғашқы көмек, экология мен медицина байланысы туралы практикаға бағытталған сабақтарын жүргізді.)



СТУДЕНТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ



• Университетте белсенді студенттерден қиралған Студенттік үкіметі жұмыс жасайды. Үкіметтің құрамында түрлі үйірмелер, клубтар, секциялар бар






Спорт секцияларына қатысатын білім алушылар үлесі

75%





Жастар іс-шараларына қатысушылар үлесі

85%





Жастар ұйымдарына қатысушы білім алушылар үлесі

75%







32



БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК



№	Оқу жылдары	Женілдік көмек алған білім алушылар саны	Соммасы, тенге
1	2017-2018	118	2822400
2	2018-2019	137	4268700
3	2019-2020	149	4975000
4	2020-2021	169	5671200
5	2021-2022	180	5957000





Сонымен қатар, құрылтайшы және ректор гранттары

33

Университет жылыжайы көлемі биылғы оқу жылында 2 есеге ұлғайды. Осы оқу жылында университет ғалымдарының эксперименттері мен зерттеу нәтижесінде Қызылордада құлпынай, чири қызанағы шығарылып, коммерцияландыру жұмысы жүргізіліп, қазіргі таңда жылыжай екі есеге ұлғайтылды. Келесі айдан бастап мандарин, апельсин сияқты цитрус өнімдері шығарылу жұмыстары басталды. Университеттің "Балжансай" ғылыми агробиологиялық орталығында түрлі жеміс ағаштары өнімдері, Балара өнімдері де әрдайым зерттеліп, алынған өнімдер ғылыми жұмыстары нәтижелері коммерциялануда.]



МАТЕРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

- ✓ Оқу кампусы- 1
- ✓ Жатақхана 372 орындық (444 орындық жатақхана қосымша салынууда)
- ✓ Спорт кешені -1
- ✓ Асхана-150 орындық
- ✓ Кітапхана:
- ✓ Оқу залы 150 орындық, электрондық зал – 50 орындық
- ✓ Музей-3
- ✓ Компьютерлік сыныптар - 19
- ✓ мультимедиялық кабинет – 11
- ✓ ТВ студия - 1
- ✓ Зертханалар - 9
- ✓ Арнайы мамандандырылған кабинеттер - 7
- ✓ Көшірме техника- 1 типография
- ✓ Жылыжай- 2
- ✓ Бизнес инкубатор - 1
- ✓ Атриум зал - 500 орын
- ✓ Қашықтықтан басқарылатын симуляциялық орталық
- ✓ Агробиологиялық ғылыми орталық- 2 (Балжансай, Астаукол)



Университеттің материалдық техникалық базасы жалпы аумағы 11 гектарды құрайтын заманауи] технологиялармен жасақталған 14 қабаттық кампус. Қазіргі таңда “Болашақ” университетінің жаңа құрылыс жұмыстарына 5 762 935 000 теңге инвестиция салынды.

Қазіргі уақытта университеттің материалдық-техникалық базасы күннен күнге қарқынды дамып келеді. Сырдарияның сол жағалауында орын алған

Болашақ кампусы 2019 жылы қолданысқа берілсе, осы оқу жылында заманауи 378 орындық жаңа жатақхана (инвестициялық құны – 782 миллион теңге) және 2260 ш.м құрайтын түрлі спорттық секциялар ұйымдастыруға арналған (бассейн, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, бокс, борцовский зал, фитнес, тренажер залдары және т.с.с.) спорткешен құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді (инвестициялық құны – 271 миллион теңге).] Қазіргі таңда 400 орындық екінші жатақхана, 1100 орындық "Болашақ" конгрессхол құрылысы, Типтік ашық стадион құрылысы (инвестициялық құны – 62 млн.теңге) да басталып кетті. Оқытушы профессорлар үйі, дендропарк, медициналық клиника, жағалаудағы ашық аспан астындағы атриум, кинотеатр, бизнес инкубаторды жүзеге асыруға және білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған технопарк, университет жанындағы зияткерлік мектеп, жастар кешені құрылысы салыну келесі жылға жоспарланып отыр.

2020-2021 оқу жылында Оқу үдерісін сапалы ұйымдастыру мақсатында сот залы, криминалистикалық практикалық чемодандары, түрлі электрондық ресурс құралдары (білім ғылым саласындағы нормативтік актілер талаптарына сәйкес) мен зертханалық кешендер жаңартылуда.) «Болашақ ТВ» журналистика телестудиясы да оқытушы профессорлардың онлайн жағдайда дәрістерін түсіріп, тікелей эфирлерде де сабақтары жүргізілуде. Сонымен қатар, пандемия жағдайында университет білім алушылары үшін аймақтық Қоғам ТВ арнасында "Болашақ сабақтары" айдары да үздіксіз жұмысын жүргізіп отырды.

Университет жастары 2009 жылдан бастап аймақтық кино индустриясының дамуына үлес қосып келеді. 2009-2019 жылдары «Болашақ аялдамасы» фильмінің 18 сериясы жарыққа шықса, 2021 жылы «Болашақ bridge» атты Қызылорда облысындағы тұңғыш толықметражды жастар «Болашақ» университетінің фильмінің тұсаукесері болып, көрерменге жол тартты.) Университетте білім алушылармен тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында бірнеше ұйым ашылған. Жас

ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, рухани болмысын қалыптастыру мақсатында университет мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, өнер тарландары мен елге айрықша еңбегі сіңген мамандық иелерімен кездесу кештерін ұйымдастыруда «Мәртебелі мейман» жобасы дәстүрлі түрде жүзеге асырылуда.

Студенттердің білім деңгейін арттыру және университетте қосымша білім беруді жетілдіру үшін шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен келісім-шарт арқылы білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 16 студент Шыңжан педагогикалық институтында (Қытай), 17 магистрант пен 2 оқытушы Астрахань мемлекеттік университетінде (Ресей) болып келсе, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша 10 студент пен 4 магистрант оқып келген.]

Университет өз жұмысын жалғастырып, университет дамуы бағытында алда тұрған міндеттері:

Заман талабына сай және жаңа мамандықтар атластары мен жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып реестрге жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын бекіту жұмысын үздіксіз жүргізу;]

Оқытушы-профессорлар құрамының ғылыммен айналысу жұмыстарын жандардыру;]

Кәсіби бағдар жұмысын үздіксіз жаңаша бағыттарда ұйымдастыру;]

Мамандандырылған аккредиттеуден өтетін білім беру бағдарламаларын анықтап, әрдайым жүзеге асырып отыру;]

Шетелдік ғалымдарды оқу үдерісіне тарту;]

Қосдипломды бағдарлама бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыру;]

Университеттің бекітілген стратегиялық жоспарын жүзеге асыру.]

Қызылорда Болашақ университетінің

ректоры Қ.Қ.Дәуренбеков